

Сонда халықтың әл-ауқатын арттырып қана қоймай, үйде отырған жұртты жұмыспен қамтуға, бюджеттен тыс нәпақа табуға, нарықты да етпен, сүтпен қамтуға болады.

Әлемдегі жыл сайынғы сиыр етінің экспорты мен импорты шамамен 8 миллион тоннаны құрайды. Тұтыну көлемі өсуде, ал өндіріс оны қуып жете алмай келеді. Негізгі экспортшылар – Аргентина, Бразилия, Уругвай – өздерінің мүмкіндігі шегінде жұмыс істейді. Өсіп келе жатқан сұранысты Қазақстан сияқты жаңа нарықтардың есебінен қанағаттандыруға болады.

Ресей Қазақстанның бірқатар Атырау, Ақтөбе, Шығыс-Қазақстан, Павлодар, Батыс Қазақстан облыстарынан мал өнімдерінің экспортына салынған тыйымды алып тастады.

Еліміздің шығыс өңірі мал шаруашылығы кеңінен қанат жайған аймаққа жатады. Бұл аймақ ірі қара мал басының, қойдың көптігімен танымал. Сүтті де көп өндіреді. Негізі, мал шаруашылығы бойынша елімізде Алматы облысынан кейін Шығыс Қазақстан облысы алдыңғы қатардағы орынды иемденеді. Сонымен бірге Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарының территорияларынан мал өнімдерінің экспортына тыйым салынған. Бірақ онда термикалық өңдеуден өткен мал өнімдерінің экспортына рұқсат.

Қазақстандық ет экологиялық таза және дәмді. Жалпы әлемдік санитарлық және ветеринарлық стандарттарға сәйкес еттің ірі көлемін қалыптастыру үшін инфрақұрылым құру қажет. Біз сонда ғана сапа шартына сай етті тұрақты түрде және аса мол көлемде экспорттай аламыз.

Қазақстан, Ресей және Беларусьті біріктірген Кеден одағының құрылып, соның аясында әкімшілік кедергілердің алынып тасталуы бізге етті Ресей нарығына экспорттауға жол ашады. Олар жыл сайын 1,7 миллион ет, соның ішінде 800 мың тоннадай сиыр етін импорттайды. Осылардың бәрі бізге мал шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеуетін дамыту үшін және 2016 жылы сиыр етінің экспортын 60 мың тоннаға дейін жеткізуге жағдай жасау үшін зор мүмкіндік береді.

Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартудың бірден бір жолы – мал шаруашылығын дамыта түсу болмақ. Мемлекет те бұл саланы дамытуға ден қойып келеді. Оның дәлелі ретінде биыл Астанада өткен халықаралық мал шаруашылығы форумын айтуға болады. Ет экспортын жолға қою, мал өнімін алдымен Ресей нарығына жеткізу – негізгі міндеттердің бірі болып саналды. Бұл орайда шағын және орта фермерлік қожалықтарға мемлекеттің арнайы бағдарламасы демеу болмақ. Стратегиялық маңызы бар құжат саланың экспорттық әлеуетін арттыруға өз септігін тигізетіні анық.

1. Назарбаев Н. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Жолдауы. 28.01.2011.
2. Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі №278 Заңы. ҚР 2011.07.05 №452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізілді)
3. Өзібеков Ө. // Қазақстанның жер ресурстары» журналы №6, 2010.
4. <http://www.minagri.kz>
5. Айтаханов Қ. Республикадағы мал шаруашылығын дамыту туралы. 10.02.2011
6. Малдан мал өнім алу үшін алдымен жерді құнарландыруға мән беру керек. «ҚазАгроИнновация» АҚ // Білім Беру Жүйесін Дамыту Департаменті. 2011. 17.02.
7. Мамытбеков А. Ауыл шаруашылығы – экономикамыздың еңселі саласы // Шаруа анықтамалығы 2011, № 10 (34)

В последнее время за счет государственной поддержки в животноводстве проявляется положительная тенденция. Продолжается процесс специализации и концентрации животноводческих производств и его замена на производственную основу. На пути дальнейшего укрепления конкурентоспособности есть еще нерешенные проблемы, однако в настоящее время в целях повышения конкурентоспособности животноводства принимаются специальные меры, реализуется концепция стабильного развития животноводства и создается система поддержки со стороны государства.

In the last time, there's a good tendency in animal husbandry because of the state support. Process of specialization and concentration of cattle-breeding manufactures and its replacement by an industrial basis proceeds. On a way of the further strengthening of competitiveness there are still unresolved problems, however now with a view of increase of competitiveness of animal industries special measures are taken, the concept of stable development of animal industries is realized and the system of support is created from the government.

М.К. Накишева, М.Р. Закирова

ЖЕР ДАУЫ – ҚОҒАМ МӘСЕЛЕСІ

Жер теліміне байланысты даулар көп кездесетін үдеріс болғандықтан, жеке меншікке жер алу, онда үй-жай, құрылыс салумен шұғылданатын азаматтар жер туралы заңдардың қағидаттары мен міндеттерін толық білуі шарт екені белгілі. Бөлінген жердің меншік иесі болуға және оны алудың жолдары мен оны пайдаланудың құқықтық жауапкершілігі туралы ақпараттар аз берілетіні анық. Осыған орай жалпы теория жүзінде және тәжірибеден мысалдар келтіре отырып, қысқаша мәліметке тоқталып өтсек.

Жалпы жер дегеніміз – адамзатқа қажет ерекше байлық. Ол әрбір адам пайдаланып өмір сүруі үшін қажет. Бүгінде осы жерді қоғам болып ұзақ пайдаланудың мән-жайы бүкіл ғаламды ойландыруда.

Жерді адам дұрыс қолдана білсе, онда оның құнарлығы жоғалудың орнына, керісінше арта түседі. Бір ғажабы, жер басқа мүліктік заттармен салыстырғанда ол тозып ескірмейді. Жер бетінің көлемі белгілі мөлшермен шектелген, сондықтан да оның көлемін адамдардың қажеттілігіне байланысты ұлғайтуға келмейтінін баршамыз жақсы білеміз.

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастауымен өзге елдермен шектесетін мемлекетіміздің шекарасын заңдылық тұрғыдан бекітіп алғанымыз – әрбір қазақстандық үшін мызғымас байлықтың көзіне айналды. Жер туралы Заңның негізгі қағидаты арқасында, Қазақстан Республикасы жер аумағының тұтастығына қол сұғылмайтыны және бөлінбейтіні жүзеге асырылды. Олай болса жеріміздің тұтастығын қорғау – Қазақстан Республикасы халқының ортақ міндеттері [1].

Біздің кейбір аудан, қала әкімдері халыққа жер үлестіргенде бей-берекетсіздікке жол береді. Мысалы, қала, аудан әкімдері бір адамға берілуге тиіс 10 сотық жерді екі, кейде үш адамға беріп жіберіп, оларды бір-бірімен дауластырып қояды. Сан жүзінде 10 сотық жер 30 сотық жерге айналып шыға келеді. Әрине, 10 сотық жер ешқашан 30 сотық болып үлкеймейтіндігін мектептегі балаға дейін біледі. Ал мұның туындау себебі, сол әкімдердің өз міндеттерін дұрыс атқармауына байланысты екені түсінікті жайт.

Мәселен, үш азаматқа қала әкімінің шешімімен бір ғана жер телімі берілген. Осы себепке байланысты олардың араларында дау пайда болып, олар сотқа жүгінген. Ал әділеттілік осы үшеуінің қайсысына тән? Әрине, сотта жерді бөлген әкімнің шешімі негізінде жер комитетінен өзіне бөлінген жерге мемлекеттік актіні алған, оны жылжымайтын мүліктерді тіркеу орнынан өткізіп, ол жайында анықтама алған, жердің заңды иегері екендігін бекіттіріп алған арыз иесінің құжаты заңды болып табылады.

Осыған орай, бір айта кететін мәселе, кейбір жер алушылар өздерінің жерге деген құқықтарын уақытында заңдастырмайды. Ал ол жерді екінші бір азаматқа бергенде, жер өзіне бөлінген деп дауласады. Бөлінген жерді сол уақыттан бастап пайдаланбайды әрі заңдастырмайды. Ал екінші адам оған жерді белгілеп берген күннен бастап, сол жерде құрылыс жұмыстарын жүргізеді. Оған дейін ол жерді заң талаптарына сай өзінің атына заңдастырып та алады. Құжаттары толық реттелген мұндай жерді алуға ешқандай заңсыздыққа жол берілмейді. Өйткені, жерді уақытында игермегендіктен азаматтар жер пайдалану құқығынан айрылады.

Токсаныншы жылдардан бастап, қала әкімдерінің шешімдерімен азаматтарға тұрғын үй салу үшін жерлер бөлініп берілген. Бірақ бұл азаматтар жер комитетінен осы жерге акт алмаған, осы себепті ол жерлер тіркеу орындарынан өткізілмеген. Сонымен қатар, ол жерлер нысаналы мақсатта пайдаланылмай, жата бергендіктен, ол жерлер комитеттің есебіне бос жерлер ретінде қайта кіреді. Кейін ондай жерлер басқа азаматтарға бөлініп беріледі. Олар берілген жерді тазалап, үй сала бастағанда, осы жерге әкімнің бұрынғы шешімі негізінде оған ие болған азамат дауласады.

Мұндай талап арыздардағы азаматтарға берілген жерлер уақытында және нысаналы мақсатта пайдаланбағандықтан, заң талаптарына сәйкес заңдастырылмағандықтан, мемлекеттік акт алынбағандықтан және осы құжаттар тіркеу органдарынан өтпегендіктен, ондай шағымдар сот шешімімен қанағаттандырылмайды. Ал кейде берілген жерді жеке азамат өзінің атына заңдастырып алғандығына қарамастан, аудан әкімдері оны елемей өз құзыретінің шегінен шығып, бұрынғы шешім негізінде берілген жерді екінші шешімімен басқа адамға беруі де кезігеді. Әкім бір ғана жерге екінші шешімді шығарар алдында, бірінші шешімімен берілген жер басқа азаматтан заң талабына сай қайтарылып алынды ма немесе алынбады ма, ол жағын сұрап тексермейді. Яғни, бірінші адамның құқығы мен мүддесі ескерілмейді, ол мүлдем ұмытылады.

Егер азаматқа жер әкімнің шешімі негізінде бөлініп, оған жер туралы акті беріліп, ол жылжымайтын мүліктерді тіркеу органдарынан өткен болса, онда мұндай азаматтың жері тек сот шешімінің негізінде ғана алынуы мүмкін.

Мысалы, А. деген азамат пен М. деген азамат қала әкіміне, Жер комитетіне және Орталық тіркеу орнына қарсы талап арыз түсіріп, онда қала әкімінің 2003 жылғы 2-маусымдағы шешімімен «Жайлау-2» шағын ауданындағы оларға берілген жердің актісі бола тұра, ол тіркеу органынан өтсе де, С. деген басқа азаматқа бергізген әкімнің шешімін заңсыз деп тануды сұраған.

Талапкерлердің сұраулары сот шешімімен қанағаттандырылған, себебі талапкерлердің жерге деген барлық құжаттары толық болған. Мұндай жағдайда Жер кодексінің 94-бабының талабына сай меншік иелері жер пайдаланушылардан жер теліміне осы Кодекстің 92 және 93-баптарында көзделгендей, жерді алып қою жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органның талап-арызы бойынша сотқа жүгіну арқылы жүргізілуі тиіс. Мұндай іс-әрекеттерді жасау үшін, жерді

пайдаланушы кемінде бір жыл бұрын оны қажетіне жарату жайлы жазбаша түрде ескертілуге тиіс. Осы мезгіл ішінде ол қажетті шараларды қолданбаған жағдайда, оның жерін алып қою туралы сотқа талап түсіру мүмкіндігі туындайды.[2]

Жоғарыда келтірілген мысалда әкім аталған заң талаптарын орындамағандығы көрінеді.

Ал жер туралы комитет бұл заңсыздыққа жол бермеуге әрекет жасаудың орнына, облыс бойынша жылжымайтын мүлікті тіркеу орнына хат жазып, онда бөлінген жерге берілген мемлекеттік актіні жарамсыз деп көрсетіп, заңсыз берілген жерді С. азаматына тіркеуді сұраған.

Мұндай жағдайлар, барлық облыстарда кездесетін фактілер.

Ескеретін тағы бір жайт, бір жер телімін үш адамға бірдей беріп талас тудыртпауға әкімдердің мүмкіндігі жеткілікті. Себебі жер мәселесімен шұғылданатын жер комитеті, архитектура, жерді тіркеу органдары мен олардың қызметкерлері аудан, қала бойынша барлық жерлерді бақылауда ұстауды мінсіз атқаруы тиіс.

Жоғарыдағы заңсыз қабылданған әкім шешімдері сот қаулыларымен бұзылып, азаматтардың заңды талаптары қанағаттандырылып, олардың құқықтары қалпына келтірілген. Бұл жайында соттар облыс әкімінің атына жеке ұйғарымдар жолдап, онда мемлекеттік органдардың, олардың лауазымды қызметкерлерінің заң талаптарын сақтамауы жайында хабарлап, тиісті шаралар қолдануды талап етеді. Өкінішке орай, облыс әкімдері сотқа қағаз жүзінде жауап қайтарумен шектеледі.

Осындай істер бойынша жасалған қорытынды мысалдар Жоғарғы Соттың Бюллетенінде, Веб-сайтында, басқа да халыққа қажет басылымдарда жариялануы, көпшіліктің құқықтық сауатын ашуға берері мол дер едім.

Мұндай жағдайларды болдырмас үшін біздің азаматтар өздерінің құқықтарын жақсы білуге тиіс, сонда ғана олар жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы шенеуніктерден заң талаптарының дұрыс орындалуын талап ете алады. Қазақстан Республикасында жерге мемлекеттік меншікке және жеке меншікке құқықтық қатынастар қатар жүреді және олар бірдей қорғалады.

Меншік иесінің өзіне тиесілі жер телімін иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге құқығы бар. Жердің меншік иесі ретінде мемлекет өзінің құқықтарын осы Кодксте және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген құзыретіне сәйкес мемлекеттік органдар жүзеге асырады. Жер телімінің меншік иесі осы аталған заң актілерінде көзделген негіздер және шарттар арқылы өзінің құқықтарын пайдалана алады.

Жер телімін алып, пайдаланам дегендерге Жер кодексінің 43-бабында қарастырылған мына мән-жайларды жетік білгендері дұрыс [3].

Жер теліміне тиісті құқыққа ие болу үшін әуелі ол жайында жеке азамат мемлекеттік органға өтініш беруге тиісті. Содан кейін мәлімделген өтінішті қанағаттандыру мүмкіндігін анықтау, яғни жер учаскесін алдын ала таңдайды. Содан кейін жерге орналастыру жобасын әзірлеу және бекіту жүзеге асады. Одан соң жер теліміне ие болуға құқық беру туралы атқарушы органның шешімі қабылданады. Бұдан соң жер телімінің шекарасын белгілеу анықталып, жер теліміне ие болу құқығын куәландыратын құжаттарды дайындау және беру жүзеге асады. Ең соңында берілген жер телімін құқықтық мемлекеттік тіркеуден өткізу орындалады. Жергілікті атқарушы орган жер телімдеріне тиісті құқықтарды табыстау жөніндегі шешімі жерге орналастыру жобасы негізінде қабылданады. Өтініш берушіге шешім қабылданған уақыттан бастап, 7 күннің ішінде жер теліміне меншік құқығын немесе жер пайдалану құқығын табыстау туралы шешімнің көшірмесі тапсырылады.

Жер телімдеріне құқық табыстау туралы жергілікті атқарушы орган шешімінің жобасында: жерге құқық табысталатын заңды немесе жеке тұлғаның атауы, жер телімінің нысаналы мақсаты, оның көлемі, жерге деген құқықтардың түрлері, ауыртпалықтар, сервитуттар; жер телімі төлемелі ақыға берілген жағдайда жер телімін немесе жер пайдалану құқығын сатып алу бағасы, соған қатысты жер телімін сатып алу-сату шарттарын жасаудың мерзімі мен шарттары және өзге де шарттар болуға тиіс.

Азаматтарға жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімін беру кезінде азаматта бұрын жеке тұрғын үй құрылысы үшін құқықтар табысталған жер телімінің бар немесе жоқ екендігі туралы анықтама болуы шарт. Оны жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық орган 7 күн ішінде беруге тиіс. Азаматта жеке тұрғын үйдің бар немесе жоқ екендігі туралы анықтаманы жылжымайтын мүлікті тіркеуді жүзеге асыратын орган 7 күн ішінде беріп, ол өтінішке қоса тіркеледі. Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімін беру туралы өтініш арнаулы есепке алынады және бөліп беруге арналған алаңдардың дайындалуына қарай қанағаттандырылады.

Құқық белгілейтін құжаттардың қатарына: атқарушы органдардың жер теліміне құқық беру туралы құқықтық актілері, сатып алу-сату шарттары (айырбастау, сыйға тарту немесе жер телімін иеліктен шығару туралы өзге мәмілелер) және сот органдарының жер теліміне жеке меншік құқығын, жер пайдалану құқығын және жерге өзге заттық құқықтарды тану туралы шешімдері жатады. Сондай-ақ, әкімдердің шешімдері, қаулылары – құқық белгілейтін құжаттар қатарына жатады.

Жер теліміне құқықты қуәландыратын құжаттар – жер телімінің сәйкестендіру сипаттамаларын көрсететін және жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдардың құқық белгілейтін құжаттардың негізінде жер телімінің меншік иелері мен оны пайдаланушыларға беріледі. Сондай-ақ құқықты қуәландыратын құжаттар қатарына жер теліміне жеке меншік құқығы және уақытша (өтеулі, өтеусіз) жер пайдалану құқығының актілері жатады.

Осы көрсетілген заң талаптарын және құқықтық құжаттардың қажеттілігін еліміздің барлық азаматтары жетік білуі керек. Сонда ғана жерді өз меншігіне алуда заңсыздыққа жол берілмей, басы дауға түспей пайдалануына мүмкіндік болады.

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.
2. <http://pr-hal.kz/?p=3095>
3. Қазақстан Республикасының Жер кодексі, 2003 жылғы 20 маусымдағы №442-II

В данной статье автор рассматривает некоторые вопросы земельных споров в обществе

In this article the author examines some of the issues of land disputes in the community

А. Молдагалиева

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ САЛЫҚ САЛУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері бүкіл әлемдік қауымдастық мемлекеттерінің оған деген назары арта түсуде. Мұндай назардың артуына республикадағы табиғи бай ресурстардың және ең алдымен оның көмір сутегі ерекше роль атқарып отырғаны белгілі. Қазақстан туралы болашақта Парсы шығанағы елдеріне балама бола алатын неғұрлым перспективті аймақ ретінде сөз болуда.

Қазақстан әлемдік энергоресурстарын қалыптастыруға ықпал ететін стратегиялық көмір сутегі қоры бар мемлекеттердің қатарына жатады.

Қазақстан Республикасының салық жүйесінде табиғат ресурстарын, пайдалы қазындыларды, жер қойнауын пайдалануға байланысты бірқатар төлемдер бар, оларды шартты түрде салықтық сипаты бар табиғат ресурстары үшін төленетін төлемдер ретінде бір топқа біріктіруге болады. Оларға үстеме пайдаға салынатын салық, жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері, пайдалы қазындыларды өндіру салығы, су үшін төленетін төлем, орманды пайдаланғаны үшін төлем (орман табысы) және басқалары жатады. Аталған төлемдер негізінен ренталық сипатта болады, өйткені олардың пайда болуы мен мөлшерлемелерінің шамасы шығарылатын және шаруашылық қызметте пайдаланатын материалды, шикізатты, минералдық ресурстарды алу, тұтыну, олардың сапасы табиғат факторларымен байланысты болады [1].

Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын пайдаланушылардың қызметіне салық салудың мөлшерлемесі және басты көрсеткіштері Қазақстан Республикасының Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы 2010 жылдың 24 маусымындағы Заңы негізінде жүзеге асырылады.

Жер қойнауын пайдаланушыларға белгіленген салық режимі жер қойнауын пайдалануға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жасалынған контрактта айқындалады.

Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салудың екі моделі белгіленген:

- бірінші модель жер қойнауын пайдаланушының өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін қоспағанда Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген салықтар мен басқа міндетті төлемдердің барлық түрлерін төлеуін көздейді;

- екінші модель жер қойнауын пайдаланушының өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін төлеуін (беруін), сондай-ақ салық заңнамасында көзделген салықтар мен басқа міндетті төлемдердің барлық түрлерін төлеуін көздейді, оларға шикі мұнай, газ конденсатына салынатын рента салығы, шикі мұнайға, газ конденсатына салынатын акциз, үстеме пайда салығы, жер салығы, роялти, мүлік салығы қосылмайды.

Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың шеңберінде жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізген кезде жер қойнауын пайдаланушылар белгіленген барлық салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлейді. Сол бойынша жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізген кезде жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтарын есептеу және төлеу тәртібін белгілейді [2].